



Катонқарағай адандық мәслихатының 2022 жылғы 4 қазандағы № 21/276-VII " Катонқарағай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 5/55-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 8879-16 болып тіркелді

Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Катонқарағай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Катонқарағай адандық мәслихатының 2022 жылғы 4 қазандағы № 21/276-VII (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №30080 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Катонқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Болаев

Катонқарағай
аудандық мәслихаты
2023 жылғы 26 маусымдағы
№ 5/55-VIII шешіміне қосымша
Катонқарағай
аудандық мәслихатының
2022 жылғы 4 қазандағы
№ 21/276-VII шешіміне 2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

1) Катонқарағай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер

;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Еңбек ресурстарын болжаудың және оның нәтижелерін пайдаланудың ұлттық жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт , әлеуметтік қамсыздандыру және ветеринарияның сұранысқа ие мамандары.